

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 ақпандағы № 19 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 наурызда № 6865 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 161 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 22.11.2021 № 161 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31–бабына "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕД:**

1. Жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегендеге, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

1) елуден жұз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жұз бірден екі жұз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жұз елу бірден артық адам-жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгілеу.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Бисимбаев